

**2023-2024 оқу жылына арналған жоғары білімнің білім беру  
бағдарламалары бойынша ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРДЫ  
оқуға қабылдау тәртібі  
(оқыту тілі – қазақ немесе орыс)**

**I. Құжаттарды тапсыру**

1. Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар шетел азаматтары қабылданады.
2. Оқуға түсу үшін талапкер **1 тамыз бен 16 тамыз** аралығында қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды өзі тапсыруы қажет:
  - 1) өтініш (қабылдау комиссиясында толтырылады);
  - 2) төлқұжат, төлқұжаттың нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасы бар көшірмесі. Ұлттық төлқұжаттың жарамдылық мерзімі Қазақстан Республикасының аумағына келген күннен бастап кемінде 2 жыл болуы керек. Төлқұжат (тексергеннен кейін қайтарылады)
  - 3) білімі туралы құжат (түпнұсқа) қосымшасымен/түпнұсқасы. Білімі туралы құжат (түпнұсқа) апостиль қойылуы тиіс;
  - 4) төлқұжаттың, білімі туралы құжаттың және өтініштің/транскриптің қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармалары. Аудармаларды куәландыруды Қазақстан Республикасының аумағындағы нотариус немесе құжат берілген елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі жүзеге асырады;
  - 5) 3×4 өлшемді 6 фотосурет (түрлі-түсті, алты айдан аспайтын мерзімге);
  - 6) Қазақстан Республикасындағы медициналық комиссиядан өткеннен кейін 075/у нысанындағы медициналық анықтама.

***Толық емес құжаттар пакетін қабылдау комиссиясы қарастырмайды.***

***Қажет болған жағдайда қабылдау комиссиясы қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.***

**II. Әңгімелесу**

1. Шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Әңгімелесу кезінде талапкер жалпы білімін, өмірлік тәжірибесін, сенімі мен жетістіктерін, өмірлік ұстанымы мен дүниетанымын көрсетуі тиіс.
2. Әңгімелесу кезеңі – **17-23 тамыз**. Әңгімелесу кестесі (күні, уақыты, орны) қабылдау комиссиясының ақпараттық тақталарында және университет сайтында орналастырылған.

**Біздің веб-сайттағы соңғы ақпаратты қадағалауыңызды сұраймыз!**

3. Талапкерді әңгімелесуге жіберу жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде жүзеге асырылады.
4. Әңгімелесу өтініш берушінің оқу тілінде жүргізіледі.

***Сұхбат тақырыптарының үлгісі:***

1. *Болашақтың медицинасын қалай елестетесіз?*
2. *Жақсы дәрігер болу үшін не қажет?*

3. Сіздің өміріңізде мамандық таңдауыңызға не әсер етті?
4. Адам өміріне, өлімге, ауруға деген ұстанымыңыз бен көзқарасыңыз.

### **III. Іріктеу**

1. Шетелдік азаматтарды іріктеу әрбір оқу бағдарламасы мен тіл бөлімдері бойынша жүргізіледі.
2. Университетке түсу үшін шетел азаматтары әңгімелесу нәтижелері бойынша мүмкін болатын 100 баллдан кемінде 60 балл жинауы керек.
3. Қабылдау комиссиясы шетелдік азаматтарды іріктеу нәтижелері туралы ол өткізілетін күні хабардар етеді.

### **IV. Университетке қабылдау**

1. Оқуға түсу үшін конкурстық іріктеуден сәтті өткеннен кейін талапкерлер **24 тамызға дейін** Университетпен білім беру қызметтерін көрсетуге келісім-шарт (бұдан әрі – Келісім-шарт) жасайды және оқу ақысын төлейді. Егер өтініш беруші 18 жасқа толмаған болса, Шартты оның заңды өкілі жасайды.
2. Шетел азаматтарын студент ретінде қабылдау туралы бұйрық Университетпен білім беру қызметтерін көрсетуге келісім-шарт жасасқан іріктеу нәтижелері және төленген төлем негізінде шығарылады.
3. Шақыру және виза беруді университеттің шетелдік студенттермен жұмыс бөлімі оқуға қабылдау туралы бұйрыққа қол қойғаннан кейін жүзеге асырады.
4. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

### **Қабылдау комиссиясының байланыстары**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Масанчи көш., 38 (Төле би көшесінің қиылысы), № 7 ғимараты, 101 каб.

**Тел.:** 8(727)338-70-27, ішкі: 70-71; 73-50

**E-mail:** abiturient@kaznmu.kz